

**Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының мемлекеттік пакеттері (қатысу үлестері) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жарғылық капиталдарына берілетін акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тізбесін айқындау жөнінде жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 22 қазандағы N 310-ө  
Өкімі

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының мемлекеттік пакеттері (қатысу үлестері) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жарғылық капиталдарына берілетін акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тізбесін айқындау мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- |                   |   |
|-------------------|---|
| Шөкеев            | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші  |
| Өмірзақ Естайұлы  |   |
| Баталов           | - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі, жетекшінің орынбасары                           |
| Асқар Болатұлы    |   |
| Керімбеков        | - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Кәсіпкерлікті дамыту департаментінің директоры, хатшы |
| Әрсен Жақашұлы    |   |
| Бекетаев          | - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі  |
| Марат Бақытжанұлы |   |
| Құсайынов         | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі                                    |
| Марат Әпсәметұлы  |   |
| Өтепов            | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы            |
| Эдуард Карлұлы    |   |

2. Жұмыс тобы екі апта мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының мемлекеттік пакеттері (қатысу үлестері) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жарғылық капиталдарына берілетін акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің)

тізбесін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізсін.

3. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК